

Жаздыкбаева М.Б., Касымбеков Ж.А.

**БАЛАБАКЧАДА ИННОВАЦИЯЛЫК БИЛИМ БЕРҮҮНҮ ЖҮЗӨГӨ
АШЫРУУ МАСЕЛЕЛЕРИ**

Жаздыкбаева М.Б., Касымбеков Ж.А.

**БАЛАБАҚШАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жаздыкбаева М.Б., Касымбеков Ж.А.

**ПРОБЛЕМЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ДЕТСКИХ САДАХ**

М.В. Zhazdykbaeva, Zh.A. Kasymbekov

THE INNOVATIVE EDUCATION REALIZATION PROBLEMS

УДК: 371.04/621.398

Бул макалада мектепке чейинки билим берүү уюмдарында заманбап технологиялардын методикалык иште пайдалануусу каралат. Инновациялык технологиялар жаңы маалыматтарды алуу жана иштетүү үчүн пайдаланылат, ал эми башка учурларда педагогикалык процесске маалыматтык ресурстар жана расмий кабыл алуу каражаттары таасир этүүчү система катары белгиленет.

Негизги сөздөр: бала бакча, инновация билим берүү, эгемендүүлүк, жаш урпак, сабак берүү, балдардын ден соолугу, окутуунун технологиясы, ата-энелер.

В данной статье рассматриваются вопросы использования современных технологий в методической деятельности дошкольных организаций образования. Инновационные технологии используются как средство для получения и обработки новой информации, а в других случаях, как система знания о средствах и приемах информационных ресурсов, влияющих на качество педагогического процесса.

Ключевые слова: детский сад, инновационное образование, независимость, подрастающее поколение, преподавание, здоровье детей, технология преподавания, родители.

In this article the questions of the use of modern technologies are examined in methodical activity preschool organizations of education. Also it researches object to take and exchange information, analyze, collect instruments and methods, in other cases it influenced to pedagogical progresses of quality, informational resources and methods of knowledge.

Key words: kindergartens, innovative education, independent, coming generation, teaching, children's health, educational technologies, parents.

Бүгүнкү таңда коғам сұраныстарына сәйкес мектепке дейінгі билим беру жүйесин жаңаша бағытта уақыт талаптарына сай құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі билим беруді инновациялык тұрғыдан қарау, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси

бағытында «Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі билим берудің жаңа әдістеріне көшу керек» - деген болатын. Егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қаратына көтерілу керек болса, өркениетке жету үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілеті көру, оны жетілдіру ізденістік қасиетіни дамыту мұғалімнің сабақ берудегі ізденістік, шеберлік қасиеттеріне байланысты. Ж.Аймауытов «Сабак беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»-деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, балалардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделу қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың инновациялык технологияларын енгізу, билим беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялык желілерге шығу деп атап көрсетілген. Мұның өзі билим жүйесінде инновациялык технологияларды қолдануды талап етеді.

Мектепке дейінгі оқыту, жаңа сапалық деңгейге шығу инновациялык технологияларды әзірлемей мүмкін емес. Педагогикалык инновация, бұл – даму, тәрбие мен оқытуды жақсартуға бағытталған, сонымен қоса мақсаттар мен мазмұнды, формалар мен әдістерді жетілдіруге негізделген өзгерістер. Олар ғылыми ізденіс ретіндегі педагогтың келешектегі өздік дамуын талап ететін санасын қалыптастырады. Педагогикалык әрекетті жаңа технологияларды қолдану негізінде ұйымдастырғанда барлық күш педагогикалык шешімдердің ең тиімдісіне бағытталады.

Инновация түсінігіне қысқаша тоқталатын болсақ, инновациялык құбылыстар билим беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалык құбылысты үздіксіз жаңғыртуға

жетелейді. ” Масырова Р. Линчевская Т – “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық білім беруді енгізуде бірқатар маңызды мәселелерді ескеру шарт. Олар:

- инновациялық бағытты дұрыс таңдай білу;
- инновациялық іс-әрекеттің тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау;
- инновациялық жобаны жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтап, жағдай жасау;
- инновациялық іс-әрекетті дұрыс жүргізу үшін қажетті құжаттарды кәсіби сауаттылық тұрғысынан дайындап алу.

Инновациялық іс-әрекеттің бағытын таңдау. Инновациялық іс-әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының приоритетті бағыттағы бағдарламаларының (республикалық, аймақтық, өлкелік немесе муниципалдық) және мектепке дейінгі педагогика мен психология, әлеуметтану, медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру жағдайында педагог-тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін шындап, кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету төмендегідей компонентерге байланысты:

- жеке тұлға ретіндегі дамуы мен өзін-өзі жетілдіру бағытында дер кезінде көмек көрсете білу;
- диалог негізінде көмек көрсетуге өзін-өзі жетілдіру;
- жеке тұлғаның белсенділігін жан-жақты ұйымдастыруға және өзіндік белсенділікке жетелеуге көмек көрсету;
- өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі басқаруда еркін-

дік, баламалық таңдауға жауапкершілік, кәсіби қызмет және өмірлік маңызды мәселелерді қарастыру.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Денсаулық сақтау технологиясы.
- Жобалы-іс шығармашылығы.
- Ізденіс-шығармашылық технологиясы.
- Қатынастық-ақпараттық технология
- Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы.
- Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.
- Ойын технологиясы.
- Триз технологиясы және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру ұжымның шығармашылықпен жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты және оған төмендегідей жағдай жасау қажет:

1. Ұжымдағы жағымды, достық жағдайдағы ахуалды қалыптастыру.
2. Көшбасшыларды таңдау және оларға қолдау көрсету.
3. Балабақшаның «бет-бейнесін», беделін сақтауға ат салысу.
4. Міндеттерді шешу барысында дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдау.
5. Педагогтардың тәртібі мен мінез-құлқындағы, ойлауындағы ерекшеліктерді ескеру.
6. Ұжымның тыныс-тіршілігінде эмоционалды көңіл-күй туындату және дүниені оптимистік тұрғыдан түйсінуге дағдыландыру.
7. Өзін қоршаған ортадағы кеңістіктің эстетикалық талаптарға сай болуын қадағалау.
8. Шығармашылықпен еңбек ететін тұлғаға «жетістікке жетуге» жағдай жасау.

Педагогикалық ұжымның инновациялық әлеуетін көтеруде ғалымдар: Л.В.Поздняк, Н.Н. Лященко төмендегі өлшемдерді ұсынады:

- тәрбиешінің іс-тәжірибенің барысы мен дамуын қадағалап отыруына;
 - өзінің білімін жетілдіру деңгейі мен формаларына байланысты ұсыныл-ған идеяға көзқарасы мен оны қолдауына;
 - өз іс-әрекетіне талдау жасай білуге;
 - өз іс-әрекетінің болашағына болжау жасай білуге және нәтижеге жететініне сенімділігінің болуы.
- Интербелсенді тақтаны мектепке дейінгі білім беруде пайдалану ерекшеліктері.
- Кіші жастағы балаларды оқыту ешуақытта бұндай қызықтыратын және әсерлі болған емес.
 - Интерактивті және мультимедиялық құралдар оларды шабыттандырып, жаңа білімді игеруге деген құлшыныстарын арттырады. Компьютер оқу ақпаратын ұсынудың мүмкіншіліктерін анағұрлым арттырып, баланың мотивациясын жақсартуға мүмкіндік береді.

- Мультимедия технологияларын (түс, кескіндеме, бейнетехниканың заманауи құралдары) пайдалану әртүрлі жағдайлар мен органы модельдеуге мүмкіндік береді. Ойындық компоненттер, мультимедияға енгізілген бағдарламалар білім алушылардың танымдық қызметін арттырады және материалды меңгеруін жақсартады.

-Оқытудың интерактивті құралдары (интерактивті тақта, компьютерлер).

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық әдістерді әртүрлі бағытта пайдалану мүмкіндіктері.

1. Қызықты әліппе. Әліппенің суретті әріптері бар слайдтарды көрсетіп, педагог балалардан интербелсенді тақтадан берілген әріпті тауып, оны басуды сұранады.

2. Ағылшын алфавиті. Педагог балаларға экраннан ағылшын алфавитін көрсетеді және бәріне белгілі «АВС» туралы әнді ойнатады. Кез-келген сәтте оны тоқтатып, бала-лардан интерактивті тақтадан мұғалім әнді тоқтатқан әріпті басуды сұранады.

3. Сәйкестік. Педагог балаларға есті дамытуға арналған тест береді. Балалар интербелсенді тақтаға келіп, тапсырманы орындайды, содан кейін педагог бәріне нәтижелерді көрсетеді, қателерді талқылайды.

4. Сайыс. Педагог балаларға суреттерді көрсетеді және 10 айырмашылықты табуды сұранады. Кім бірінші болып қолын көтерсе, соның айырмашылықтарды бірінші айтуға құқығы бар.

5. ПервоЛого бағдарламасында жобалық жұмыстарды орындау. Жобаның тақырыбы беріледі. Балалар кезекпен интерактивті тақтаға шығып, жалпы картинаны өзінің объектілерімен және суреттерімен толықтырады.

Танымдық-жобалық іс-әрекетінің технологиясы – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы туралы идея жатыр. Бұл нәтижені шынайы практикалық іс-әрекетте көруге, зерделеуге, қолдануға болады.

Педагог баланың іс-әрекетін бақылау арқылы оны бірте-бірте қатысуға тартады, эпизодқа қатысуға, кейінірек серіктестікке, соңында ынтымақтастыққа жетелейді. Ересектердің жобалық іс-әрекетін сатылай ынталандыру баланың ұжымда жұмыс істеу қабілеті мен өзінің темпераментін, мінез-құлқын ортақ істің мүдделеріне бағындыру, шығармашылық жанжалдарды шешу, келісімділікке қол жеткізу, іс-әрекет қатысушыларына көмек көрсету, әрқайсысының іс-әрекетін бағалау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда жобалық іс-әрекетті дамытуда үш кезеңді көрсетуге болады, ол

мәні бойынша шығармашылық болып табылатын зерттеу, іздеу, проблемалық әдістерінің жиынтығын қосатын жобалық іс-әрекетінің педагогикалық технологиясының бірін білдіреді.

Бірінші кезең – үш жарым жастан бес жастағы балалармен іске асыруға болатын еліктеу-орындаушы кезең. Бұл кезеңде балалар «екінші рөлдегі» жобаға қатысады, ересектердің тікелей ұсынысы бойынша немесе оған еліктеу арқылы іс-әрекеттерді орындайды.

Екінші кезең – әртүрлі бірлескен іс-әрекет тәжірибесі бар, іс-әрекеттерді келісетін, бір-біріне көмек көрсете алатын бес-алты жастағы балалар үшін тән дамытушы кезең. Бала ересектер көмегіне сирек жүгінеді, құрдастарымен бірлескен іс-әрекетті белсендірек ұйымдастырады. Балаларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дамиды, олар өздерінің құрдастарының әрекеттерін объективті бағалауға қабілетті.

Үшінші кезең – алты жастағы балалар үшін тән шығармашылық. Ересектерге осы кезеңде балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту және қолдау, балалардың алдағы іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұнын дербес анықтау, жобамен жұмыс жасау тәсілдері мен оны ұйымдастыру мүмкіндіктерін таңдау үшін жағдай жасау өте маңызды.

Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұны білім беру жүйесін жанғыртудың ақпараттық-құқықтық негіздеріне, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы мектеп жасына дейінгі балаларды 12-жылдық оқытуға көшуге дайындауға бағдарланған.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығышулық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Оларды 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тілге, математикаға, логикаға оқытуға арналған «E-Blocks» интерактивті бағдарламасымен қамтамасыз ету. Балалардың жан-жақты дамуына, тілдерге ерте оқытуға, Қазақстан халқының мәдениеті мен ұлттық мәдениетті оқытуға бағытталған оқыту кешендерін:

- сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі»;

- сөйлейтін қаламы бар «ZEREK»;

- «Интерактивті дыбыстық картасы», сонымен қатар жетекші отандық және шетелдік инновациялық әдістер мен технологияларды одан әрі тереңірек зерттеуін, бейімделген технологияларды анықтау және апробациядан өткізу, білім беруді жанғыртумен байланысты әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес болу мақсатында оларды ендіруді қажет етеді.

Ата-аналар үшін «Балалар ойынының тілі», «Консультативтік орындары жағдайында ата-аналарға білім беру бағдарламасы», «Тәрбиеші-гувернер бағдарламасы» және т.б. дайындалған, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие үдерісін келешекте жетілдіру көзделеді.

Сонымен, ХХІ ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Осылайша, жаңа технологияларды қолдану - тәрбиеші қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денісаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы, Астана, 2000.
3. Тұрғынбаева Б.А. Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Алматы, 1997.
4. Интеллектуальное воспитание детей дошкольного возраста: под ред. Н.Н. Поддякова, Ф.А. Сокина М., 1984.
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. - А.: Білім, 2008.
6. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқулық. Тараз. Тар МУ. 2003.

Рецензент: д.пед.н., профессор Анаркулов Х.Ф.